

2006 жылдың маусым-шілде айларында Екібастұз ауданында Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ғалымдары тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулер жүргізді. Қазақ арасында Ақкөл-Жайылма атымен белгілі бұл қасиетті өңір, зерттеу нысанасы ретінде таңдалуы кездейсоқ болған емес еді. Өзендер мен көлдерге толы Ақкөл-Жайылманың шұрайлы жазирасы, ерте заманнан бері адам болмысына өте ыңғайлы әрі тартымды болған. Ғасырлар бойы осы өңір жанға, малға толы болғанын тарихи (жазба, археологиялық, этнографиялық) деректер растап тұр. Соған қарамастан, саяси, мәдени-экономикалық жағынан маңызы зор болған Ақкөл-Жайылма күні бүгінге дейін дұрыс бағаланбай, қазақ тарихындағы өзінің тиісті орнын алған емес. Сол себептен зерттеу жұмыстардың басты мақсаты, бұл өңірдің қазақ тарихында алатын орнын анықтау, сондай-ақ экспедиция тарихи және этнографиялық ескерткіштерді есепке алу, мәдениетін зерттеу, қазба жұмыстарды жүргізу сияқты міндеттер аясында ұйымдастырылған болатын.

Ақкөл-Жайылма ұғымына Өлеңті-Шідертінің ортаңғы және төменгі ағысы, осы арада орналасқан көлдер жүйесі жатады. Бұл өзендер жайлы-Баянауыл ауданының тұрғыны Жаңбырбай ақсақал академик Өлкей Марғұланнан естіген сөздерін «Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы» атты кітаптың авторларына әңгімелеген болатын: «О, шіркін мына жатқан Шідерті өзені, мұның басын Кәмшат Қарасуы дейтін еді, қазір «Трудовое» дейді?! Сол жерден бастау алады да, Ақкөл-Жайылмаға ағады. Өлеңті өзенінің бір басын Тана-көлі дейді, қазір Шөптікөл. Тана көлі бір басын Жаман өзенінен алады. Жаман өзен басын сонау жатқан Кикадан Итжан, одан Еркіншілікке келеді. Еркіншіліктен келетін өзенмен екеуі қосылып, Өлеңті өзенін береді. Ал Жаман өзені ана Қика, одан Итжан, мына Қарасудан басталады.

Үш өзен келеді де, Ақкөл-Жайылмада тұйысиді» (Көне Көктау... 2005, 60-61 бб).

Ел зердесінде сақталған аңыздарға қарағанда осы өңірдің жер-су

атауларының пайда болуы, бірде дала философы Асанқайғы есімімен байланыстырылса, бірде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» хикаясы аясында айтылып жүр. Малға жай, елге ырыс болатын «Жерұйықты» іздеп Желмаямен қазақтың сардаласын кешкен Асанқайғы Шідерті өзенін көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат бір айда майға бітегін жер екен. Жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын жылқының қонысы екен», -депті. Өлеңті өзенін көргенде «тоқтап ешнәрсе айтпай өлендете берген екен. Аз тұрып: «Өлеңтінің суы май, Шідертінің шөбі - май», -деп жүре беріпті «Төркекүлді Н. Қазақтың 100 би-шешені. 1995, 62-б.). Ал, Мәшһүр Жүсіптің Сарыарқа тарихына арналған еңбегінде осы және басқа да Сарыарқаның топонимдері Баянсұлу есімімен байланыстырылған: «Өлеңтінің аяғында: «Қараоба», «Сарыоба» деген екі төбе бар. Түбі-тегі

лының маңындағы құдық тәріздес шұңқырлар Қодар қазған құдықтар деп әңгімеленеді. Тіпті Қарабайдың көші осы арадан өтіп бара жатқанда, бір сабасы жарылып қымызы жайыла төгіліп содан Ақкөл-Жайылма аталды делінеді.

Басқа нұсқа бойынша бұл атау осы жердің географиялық ерекшеліктеріне байланысты пайда болған. Негізінен бұл аймақта Ақкөл атты көл жоқ. Өлеңтіден келген су Әулие көліне құйылып әрі қарай Дуана қылы (өзенше) арқылы сегіз көлді (Бәсентің, Қылдыкөл, Сасықкөл, Өмірзақ, Бозайғыр, Ашыкөл, Көктөбе, Тоқтылы) бірінен соң бірін толтырған.

Көктем айларындағы су тасқынының мол болуынан ұсақ көлдер ендерінен шығып, суы тоғысып, мөлдіреген аппақ бір үлкен көл болып жайылып отырған. Осы себептен халық бұл өңірді Ақкөл-Жайылма деп атаған-мыс.

Қалың елдің бұл жерді көне замандардан бері мекен етіп келе жатқанын біз археологиялық деректерден білеміз. Тас дәуіріне жататын ежелгі тұрақтар мен тас еңбек құралдары, қола дәуірінің молалары, ерте темір дәуірінің обалары осы жерде көптеп кездеседі. Шідерті өзені бойында орналасқан ерте темір дәуіріне (сақ кезеңіне) жататын ескерткіштерді XX ғасырдың 50-ші жылдарында зерттеген атақты археолог жерлесіміз Мир Қадырбаев еді. Тарихи әдебиетте шарты түрде «мұрты қорғандар» деп аталатын осы дәуірдің ескерткіштерін М.Қадырбаев алғашқы табылған жері (қазіргі Екібастұз ауданының Төртүй ауылының маңында) бойынша «Тасмола мәдениеті» деп атап, топтастырған болатын. Түркі, қимақ-қыпшақ кезеңдеріне жататын ескерткіштер ортағасырлық Жайылмада елдің көптеп болғандығының тағы бір айғағы.

Әсет Жәнісов,
Тарих ғылымдарының кандидаты

Жайылымы жайлы Ақкөл - Жайылма

(2006 ж. Екібастұз ауданындағы тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулер)

Жайылма кейінгі ортағасыр - Алтын Орда мен Қазақ хандығы дәуірінде ерекше маңызы бар саяси, мәдени-шаруашылық орталықтарының бірі болғандығы жайлы археологиялық және жазба деректер сыр шертіп отыр.

2004 жылдың жаз айларында профессор Жамбыл Омарұлы Артықбаев бастаған экспедиция құрамында біз Екібастұз ауданының Қаражар елді-мекені маңындағы Әулиекөл жағасында орналасқан ортағасырлық тамаша ескерткіштің барлау-қазба жұмыстарына қатысқан едік. Бұл ескерткіш XIX ғасырдың орыс саяхатшылары мен өлкетанушылардың еңбектерінде аталып жүрген болатын. Мысалы, Әулиекөл жағасында орналасқан «Қараоба» ескерткіші жайлы, 1903 жылы жарық көрген «Памятники старины в Семипалатинской области» атты мақаласында зерттеуші Н.Коншин жазып кеткен болатын: «В районе шестого старшинства на ур. Кара-оба

тарихына жаны ашыған ел азаматтарының бізге деген көмегі зор болды.

Сөйтіп, біздің экспедициямыз ПМПИ ректоры Жасұлан Құдайбергенұлы Шаймардановтан жан-жақты қолдау-көмек көріп, Тимур Смағұлов бастаған археологиялық топ бір айдан астам уақыт «Әулиекөл» ескерткішінде қазба жұмыстарын жүргізді. Айта кетерлігі, Т.Смағұлов облысымызда қолында Білім және ғылым министрлігінің арнайы рұқсат қағазы бар, ортағасырлық ескерткіштерді археологиялық тұрғыдан зерттеп жүрген, білгір және жалғыз маманы.

Әулиекөл қалашығындағы зерттеулердің алғашқы нәтижелерінің негізінде жарты мыңжылдықтан астам бұрын - Ақ Орда дәуірінде және Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде бұл жер шығыс Дешті Қыпшақтың ірі саяси, мәдени-шаруашылық орталықтарының бірі болды деп толық сеніммен айтуға болады. Қалашықта мемориалды-культтық ескерткіштер (мазар, кесенелер) қалдықтары, шеберхананың және кірпіш күйдірген пештердің қалдықтары ашылды. Осы жердің ортағасырлық тұрғындары өздеріне қажетті қыш ыдысты, ғимараттарды әшекейлеуге арналған ою-өрнектелген плиткаларды, кірпішті, т.б. жасап отырған. Оған қоса мал шаруашылығы мен қатар суармалы егіншіліктің дәлелдері (арықтар, шығыр, т.б.) табылып отыр. Ортағасырлық халықтың балық аулау

қасбiсiнiң жақсы дамығандығының фактiлерi анықталды. Айта кетерлiгi, бұған дейiнгi әдебиетте қазақтар балық аулау тәсiлдерi мен құралдарды орыс халқының ықпалымен игерген деген бiр жақты пiкiр қалыптасып келген едi. Ескерткiштердiң негiзiнен Едiл мен Жайық өзендерi бойындағы, Ұлытау өңiрiндегi кейiнгi ортағасырлық жөдiгерлерiмен ұқсастығы байқалады.

Қазақтың тарихи аңыздарына көз жүгiртетiн болсақ, бұл өңiрдi кейiнгi орта ғасырда ноғайлы халқы иеленiптi делiнедi. Қазақтың Ұлы та-

рихшысы Мәшһүр Жүсiп: «Сарыарқадағы жары терең, суы аз өзендер сол замандағы ноғайлардың егiн салу үшiн қазған арығы деседi. Шiдертi деген өзеннiң аяғында Ақжар, Сасай деген жер Ноғайлардың хандарына орда қылып, тақ орнатқан жерi. Орманбет хан сол жерге тақ орнаттырған екен деседi. Ол уақытта Ноғайлының байлығы да сондай болыпты. Бiр күнде қырық-елу саба қымыз толтыратұғын үйлер болған екен деседi. Сол Орманбет:

-Адам - баласы, жер - анасы. Ана емшегiн ембей, асқа жарымайды!-деп халқына егiн салуды машық қылдырыпты. Бұл күнде: «Ақкөл, Жайылма деген көлдер егiн орны екен», -деседi. Есiл, Нұраның аралығында «Тоғанастың тоқсан екi көлi» атанған көлдер бәрi егiн орны екен

айланыстырылған. «Өлеңтінің аясында. «Қарабаба», «Сарыоба» деген екі төбе бар. Түбі-тегі қазақ: «Қарабай, Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен. Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың туған жері Баянаула тауы екен дейді. Туған жері сол болғандықтан, тау аты «Баянаула» аталып қалған. Осы қыздың қарқарасы түсіп қалған жері «Қарқаралы-Қазылық» аталған. Домбырасы мен бет моншағы түсіп қалған жері «Домбыралы», «Моншақты» аталған. Жамшысы түсіп қалған жері - «Тоқырауын», «Жамшылы», сандығы түсіп қалған жер «Алтынсандық», «Ақшатау» аталған. Өлең айтып, той қылған жері «Өлеңті» аталған Аттарының шідері түсіп қалған жері «Шідерті» аталған. Аттарының арқасы жауыр болған жер «Жауырбұғы» аталған. Жаудан қорқып, тау-тауды паналап, жасырынып, көшіп жүргенде, көші асқан жерлер «Көш от» аталған. Көшіп бара жатқанда, босағасы түсіп қалған жер «Босаға» аталған. Қайыр, бұл Сарыарқадағы жер аты бәрі қазақтың ата-бабасының аттары» (Көпейұлы М. Ж. Шығармалары. 2006, 8-том, 277-278 бб.). Жалпы осы аймақтың жергілікті тұрғындары арасында аталған лирикалық эпосқа байланыстырылып түрлі әңгімелер айтылып жүр. Мысалы, Өлеңтінің ортаңғы ағысындағы «Қоянды-Қойтас» жері дастанда аталса, ал Қаражар ауы-

зерттеуші Н.Коншин язып кеткен болатын: «В районе шестого старшинства на ур. Кара-оба уцелели занесенный песком развалины какого-то здания из обожженного кирпича. По отзыву управителя, «внутренняя сторона этого здания была облита стеклянной массой синяго цвета» (Коншин Н., ЗИРГО, 1903., 11-б.). Сонымен қатар, сол жылғы зерттеулерді бастап кетуімізге, Ақтоғай ауданы, Шұға ауылының тұрғыны Қыздарбек Әмреновтің берген мәліметтері негізгі түрткі болған еді. Сол кезде біздің есеп берген мақаламызда Қыздарбек ақсақалдың есімі аталмай қалды. Осы себептен, «Ештен кеш жақсы» дәмекші, шежіреші ағама алғысымды білдіргім келіп отыр.

Содан соң 2005 жылы археологиялық зерттеулер жүргізілмей, тек биылғы жылдың жаз айларында Павлодар мемлекеттік педагогикалық институттың экспедициясының жұмыстарында өз жалғасын тапты. Осы жылдың археологиялық зерттеулер нәтижелерін баяндаудан бұрын, мен бізді жылы қабылдап, сенім білдіріп, жан-жақты көмек-қолдау көрсеткен Қаражар ауылының тұрғындарына шын жүректен алғысымды білдіргім келіп отыр. Кәкен Тәшімұлы, Әбуғали Кәкенұлы, Сағит Малыбайұлы, Серік Қақанұлы, Оразғали Қайрошұлы, Жауытбек Мұхитұлы, т.б. кіндік қаны тамған ата-мекеннің

аралығында «Ноғанастың тоқсан екі көлі» атанған көлдер бәрі егін орны екен деседі. Ол заманда егінді кетпен шотпен салады екен. Ноғайлының байлықтан асып, тасқандығы сондай, «Қымыз өзені деген өзен ағызамыз!» деп Көкшетау, Қызылжар жақта «Қылшақты» деген өзенді қазып, өзен қылып, қымыз құйған екен. «Ертіс жағасында қымыз өзені қыламыз!» деп қазып, қымыз ағызғаннан бұл күнде «Ақсу» атанған екен деседі», - деп, толыққанды мәлімет беріп, біздің археологиялық тұжырымдауымызды растап отыр (Көпейұлы М.-Ж., 8-том, 277-б.). Таң қалдырар бір жай, ол Мәшһүр Жүсіптің тарихи жәдігерлерді танып, кезендерге сай ажырата білгені: «Қай жерде болса да, күйген кірпіштен жасалып, жермен-жер болып кеткен қызыл кірпіштер ноғайлардың моласы...», - деп жазады шежіреші (Көпейұлы М.-Ж., 8-том, 265-б.). 25x25 см күйген кірпіштен жасалған көне ғимараттар ноғайлы (Алтын Орда) заманына жататыны қазіргі таңда археологиялық-салыстырмалы әдіс-тәсілдер арқылы анық дәлелденіп отыр. Міне, қазақтың нағыз білгір тарихшысы деп осы кісіні айт!

/Жалғасы келесі санда/

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Әрине, оқырман қауым, Ноғай халқы деген қай халық. Ноғай бұл жерді мекен етіп жатса, қазақ бұл уақытта қайда болды деген сұрақтардың туындауы әбден заңды. Бұл сұраққа жауапты біз тағы да Мәшһүр Жүсіптен табуамыз: «Және қазақ жұрты ескіден бір сөз сөйлесе: «Бұрынғы ноғай, қазақ заманында»-десіп келеді. «Бұл ноғай, қазақ демектің мәнісі немене?», - деп қариялардан сұрасақ: «Ноғай, Қазақ әуелінде бір тұқымдас болған», - дейді. Сол қазақпен тұқымы бірге болған ноғайлар: Қызлар ноғайы, Құндырау ноғайы, Аштрахан ноғайы, Қара ноғай, Қырым ноғайы, Орал тауындағы Естек-кадимнан келе жатқан ноғайлар осылар!», - дейді, - деп бұл мәселенің мән-жайын түсіндіре түседі (Көпейұлы М.-Ж., 8-том, 94-б.). Ш. Уәлиханов та «ноғай» - көшпелі халықтарды біріктіретін атау ретінде пайдаланғаны жайлы жазып кеткен болатын: «Старики говорят, что ногай было общее название (степных) кочевых татар (татарлар деп XIX ғасырдың орыс әдебиетінде бүкіл көшпелі халықтар ұғынылатын - Ә.Ж.), для отличия от полуоседлых» (Валиханов Ч., 276-б.). Қоса кетерлік, Алтын Орда (Ақ Орда, Ноғайлы) дәуірінде Сарыарқаны мекендеген «Он сан ноғай», «Тоқсан екі баулы Қыпшақ» атанған одақтар құрамында болған ру-тайпалар қазақ этносының негізінде жатыр. Демек, қазақ осы жерде ертеден болған, басқа жерден ауып келмеген.

Ақ Орда бой көтеріп, мемлекет ретінде танылғаннан бері мәртебесі әсіресе жоғары болған кезі атақты Әз Жәнібек (1342-1357 жж.) ханның тұсы еді. Осы билеушінің тұсында қазақ

халқы өзінің үштік жүйесін (үш жүзге бөлінуін) біржолата бекіткен: «Әз Жәнібек Ноғайлының ханы болған. Қазақ та бұған қараған. Онда қазақты өз еркімен ата-бабасының ғұрып-ғалетімен ұстаған. «Арғынды датқа сайлап, Найманды оған орынбасар, Үйсінді датқа сайлап, Жалайырды оған орынбасар, алшынды датқа сайлап, Жаппасты оған орынбасар қылыпты» (Көпейұлы М.-Ж., 8-том, 124-б.).

каракалпаков, занимают почетное место. Множество легенд, поэм, относящихся к этому народу, заимствованные в те времена по соседству, сохраняются до сих пор. Ногайцами они называют татар Белой Орды и собственно ногайцев. У них, как и у кайсаков, Идигей (золотокудрий вождь) имеет свою сагу и знаменитый плач на разрушение спокойствие ногайцев «когда 10 тысяч ногайцев пришли в смятение, когда умер Урмамбет-бий,) когда черные леса орские загорелись», (плач), существующий у киргиз (кайсаков) и башкиров, поется и их песнепевцами, рчи (жыршы-Ә.Ж.)». (Валиханов Ч., Т.2, 60-61-66).

Осы ел ақсақалдарының арқасында біздің қолымызға түскен қисса-жырларға ғылыми түсіндірмелер бере отырып, толық түрінде жариялау жақын арадағы жоспар болып отыр.

Біздің пікірімізше, ХІҮ-ХҮ ғғ. Ақкөл-Жайылма Ақ Орданың негізгі территорияларының бірі болған. Батыс Қазақстан аймағымен тығыз байланыста болып, саяси, сауда-саттық қажеттіліктерімен жиі қатынап тұрған. Сонымен қоса, табылып жатқан археологиялық ескерткіштер, тарихи фольклор нұсқалары мен топонимдер ұқсастығы ой толғанарлық (Батыс Қазақстанда Өлеңті, Сілеті атты дәл біздегідей екі өзен бар). Әрине, тарихи әдебиетте қалыптасқан пікір бойынша, Алтын Орда заманының мәдениеті осы Батыстан бастау алады деп жазылады. Бірақ, қоныс аудару (миграция) процесі негізінен шығыстан батысқа

Ерейментау, екінші жағынан Ұлы Ертіс арасында орналасқан жайылымдары жайлы Ақкөл-Жайылма қысы-жазы көшпелі халық болмысына өте ыңғайлы еді; 3) Ақ Орда мемлекеті кезінде ірі саяси орталықтардың бірі болған бұл өңір өзінің саяси маңызын әлі де болса жоғалтпаған еді.

Мысалы, қазақтың тарихи аңыздарына қарағанда, сырт жаумен соғыс жүргізген Еңсегей бойлы Ер Есім Шідерті өзенінің бойында мінер аттарынан айырылып әскерімен он күн бойы жатып қалады. Содан соң барымталанған аттарын қайырып алып, өзіне қарсы бүлік көтерген Тәшкент әміршісі Тұрсын ханды шабуға аттанады. Тәшкентті алып, Тұрсынды жазалайды. Біздің пікірімізше, Қатағанның ханы Тұрсын (қатаған тайпасы Тұрсынды қолдаған еді) күшейіп Есім ханға қарсы шыққанда, ақырғысы Сарыарқада шегініп, орта жүз қазақтарынан әскер жинап, Шідерті бойында (Ақкөл-Жайылмада) соғысқа даярланған.

ХҮІІ ғасырдың 30-шы жылдары Батыс Моңғолия территориясында төрт ойрат тайпасы қосылып (дербеуіт, хошоут, торғоуыт, шорос) жаңа Жоңғар мемлекеті пайда болды. Соғыс-құмар жоңғар билеушілері бірінші кезден-а қ


қазақтың кең байтақ даласына көз салды.

Әсет Жәнісов,

Тарих ғылымдарының кандидаты

Жайылымы жайлы Ақкөл - Жайылма

(2006 ж. Екібастұз ауданындағы тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулер)



бека, род Бошан двинулся на «Сары-Арка», куда за ним последовали и другие роды Каракесек. Канжигалинцы имели большие стада. Пришельцы были бедны; на них Абыз и Шомак смотрели свысока: Абыз не пожелал выдать свою дочь за Казбека. Он женился на ней силою. Известный бий Конай, могила которого находится на р. Чидерты, родился от этого брака стало быть, он, Конай, приходится по матери внуком Абыза. На привольном пастбище «Сары-Арка» стада стали быстро увеличиваться. Каракесекский род сильно разбогател и вытеснил канжигалинцев с Эдрея. Они ушли в Баянаульские горы и далее» (МКЗ, Каркаралинский уезд., 1-б.).

Ф.Щербин экспедициясы келтірген мәліметті Мәшһүр Жүсіп те баяндайды: «Бұлардан бұрын Арқада: Он екі қазылық, Ой Түндікте наймандар бар екен деседі. Қанжығалы, Бәсентиін бар екен деседі. Ауып, жүдеп келген ел Наймандардың қырық биесін бір түнде сойып алыпты. Наймандар: «Бұл қырық бие еруліктерің болсын, өзімізге рұқсат қылыңдар», - деп өрге қарай көшіп кетіпті. Жеті момын отырып қалыпты. Зорлық жасамапты. Қанжығалы Абыз Шомақтың қызын қолынан емес, жолынан алғандай алып, Қаз дауысты Қазыбектің тұңғышы Қонайға қосыпты. Шідертінің бойында Қонай жастайынан өліп, Шідертіде өзеннің жағасына қойыпты. Шідертінің бойындағы «Қонай» суының аты «Қонай» атаныпты. Қанжығалы, Бәсентиіндер Баянаулаға келіп орнығыпты. Сүйіндік келіп қоныстана бастаған соң бұлар одан да сырғып, Ақкөл, Жайылма түсіп кетеді» (Көпейұлы М.-Ж., 8-том, 135-б.). Осыдан кейін Ақкөл-Жайылмаға қайтып оралған қанжығалы

руы бұл жерді өзінің тұрғылықты мекеніне айналдырған. Қанжығалы руының көшін бастаған атақты билер Абыз бен Шомақ ақыл-парасаттылығымен, мырзалық-жомарттылығымен ерекшеленген тұлғалар еді. Әсіресе, Абыз бен Шомақ өз заманының маңызды бір саяси шарасына мұрындық болып, тарихта белгілі із қалдырған адамдар. Бұл кісі-


орынбасар қылыпты» (Көпейұлы М.-Ж., 8-том, 124-б.).

Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде Әз Жәнібек билік жүргізген уақытта «Орманбет елі» атауымен біріктірілген қазақ-ноғайдың бір бөлігі Сібір жерін (оның ішінде Солтүстік-шығыс Қазақстан территориясында бар) мекен етті деген мәлімет кездеседі: «Ноғай ордасы, Жайық суы бойында «Сарайшық шаһары» атанып, «Ақ Орда» һәм атанған - Әз Жәнібек ханның жұрты.

Қазақты Дәулет, Барақ Құйыршық баласы билеп-төстеп, «Қыпшақ» атанған. «Қалын қыпшақ Қияттан озушы едің жарыста!»-деп, Қобыланды батырдың атына айтатұғын сөзі. Ер Көкше, ер Қамбар, ер Қосай батырлар мұнан шыққан.

Ноғай, қазақ «Орманбет елі» атанған. Біреуі Қазақ, біреуі Сарай, біреуі Сібір: Тобылдық кірменлиналар (кірме киншалар)» (Көпейұлы М.-Ж., 8-том, 99-б.).

Ақкөл-Жайылмада Алтын Орда заманының археологиялық ескерткіштері ғана емес, сонымен қатар аңызға айналған Асанқайғы, Мамай (Мамай батыр) есімдерімен байланысты әңгімелер мен жер-су атаулары кездеседі. Сонымен қатар, жергілікті халық арасында ноғайлы кезеңіне жататын қисса-жырлар әлі де айтылып жүр. Қаражар ауылының тұрғыны, аяулы ағамыз Кәкен Тәшімұлы бұл қиссаларды мәнерімен айтып беріп, біз оларды дыбыстаспаға түсірген болсақ, Төртгүй ауылының молдасы Жарлығапберді Жылқыбайұлы өзінің 100 жасаған әкесінен жазып алған жырлардың жазбаша нұсқаларын берді. Бұл дәстүрдің сақталуы жергілікті рулардың, ортағасырлық көшпелі халықтың тікелей мирасқоры екендігін көрсетіп отыр. Кезінде Ш.Уәлиханов та бұны ескертіп кеткен еді: «К числу преданий, доказывающих их старожительство, принадлежат так называемые «Ногайские предания», относящихся по слову и характеру своему к ХУ веку... Ногайцы, надо сказать, в преданиях всех нынешних среднеазиатских кочевников: кайсаков, киргиз и



қарай бағытталғанын ескерсек, осы заманның мәдени дәстүрлерінің қайнар-көзі Еділ-Жайық па немесе Сарыарқада бұрын пайда болды ма деген сұрақ туындайды.

Сарыарқа қазақтары арасында сақталған тарихи аңыздарға қарағанда ноғайлар осы өңірден батысқа жылжыған-мыс. Әкесінен ерте калып, атасы Саққұлақ шешеннің қолында, көнекөз қариялардың әңгімелерін естіп өскен ақын Олжабай Нұралыұлы (1881-1935) өзінің «Ғабдола» (тарихи әңгіме) шығармасында да шығыс-батыс бағытында болған қоныс аудару процесі жайлы сөз қозғайды:

*«Ноғайлы Сарыарқаны мекен еткен,
Әз-Жәнібек хан болып, билеп өткен.*

Асан-қайғы, Орманбет ақылымен,

Әз-Жәнібек Еділге ауып кеткен.

Астырахан қаласын барып алған,

Қаратып сол маңайдың халқын алға.

Бұл күнде қара-ноғай деген халық,

Ноғайлының қалдығы содан қалған» (Нұралин Олжабай. Шығармалары, 1995, 182-б.).

ХҮ ғасырда жаңа саяси бірлестік - Қазақ хандығы құрылғанда Ақкөл-Жайылма өзінің мағынасын жоғалтпай, мемлекеттің маңызды стратегиялық аймағы болып қала берді. Себебі: 1) Қазақ хандығының бірінші 200 жылға жуық саяси тарихы негізінен Сырдария өзені бойындағы орын тепкен қала орталықтары үшін көптеген Орта Азия әміршілерімен жүргізілген күреске толы. Қазақ билеушілері бірде жеңсе, бірде жеңіліп отырған. Оңтүстік аймақтар жау қолына өткен жағдайларда қазақ хандары өздері арқа сүйеген көшпелі ру-тайпалар арасына Сарыарқаға кетіп отырған. Осындай жағдайларда хан ордасының бірі Ұлытау болса, екіншісі одан да жоғары орналасқан (демек жаудан алыс) Ақкөл болған сыңайлы; 2) Бір жағынан Баянауыл мен

Шығыстан келген жау әуелден Ертіс өзені бойын басып алып, қазақтарды батысқа қарай ығыстырады. Содан соң Сарыарқаның біраз бөлігін де иемденеді. Сөйтіп, 100 жылдан астам уақытқа қазақтар Солтүстік шығыс Қазақстаннан, орталық Қазақстанның бір бөлігінен қол үзіп қалады. Мүмкін дәл осы уақытта Ақкөл-Жайылманың (сонымен қоса Баянауыл, Ерейментау, Қарқаралы таулары, Сілеті, Есіл, Нұра өзендері бойындағы, т.б.) ортағасырлық тарихи ескерткіштері қиратылған-мыс. Себебі жоңғар қолына өтпеген Ұлытауда осы заманның ескерткіштері күні-бүгінге дейін сақталып қалды (Жошы хан, Алаша хан мазарлары, т.б.).

Қазақтар бұл өңірде ХҮІІІ ғасырдың 30-шы жылдарының басында қазақ әскери қосындарының алғашқы ірі жеңістерінен кейін қайта орала бастайды. Орта жүзге жататын ру-тайпалар негізінен өздерінің қалмақ жаулағанға дейінгі өріс-жұртына қайта қоныстанғанға ұқсайды. Мысалы, Сарыарқаға біріншілердің ішінде оралған қанжығалы руы әуелден Қарқаралы-Баянауыл тауларында табан тіресе, соңынан Бес Мейрам рулары келгенде бір бөлігі Ерейментау, бір бөлігі Ақкөл-Жайылмаға - өздерінің ежелгі қоныстарына өтіп кеткен. Атақты статист Ф.Щербина Қарқаралы уезінде жүргізілген статистикалық экспедиция жұмыстары нәтижесінде 1905 жылы жарыққа шыққан кітапта қазақтардың осы көші жайлы мәлімет келтірілген: «Биі Абыз и Шомах из Канжигалинского рода, кочевавшие в горах Куу-Эдрей зали к себе в степь (Сары-Арка) киргиз рода Аргын, в котором объединяются роды Каракесек и Канжыгалы. Откликнулся на этот зов бий Казбек из рода Бошан... Казбек послал к Абызу и Шомаху своих людей для осмотра земли последних. Ходоки одобрили «Сары-Арка». По призыву Каз-

белгілі із қалдырған адамдар. Бұл кісілердің ауылдары Баянаулада тұрғанда, 1734 жылы Сабындыкөл жағасында жас төре Абылай Орта жүздің ханы етін сайланған, Шомақ бай сол мерекеге арнап 90 ту бие сойған еді (Абылайдың Баянаулада хан көтерілуі жайлы «Сарыарқа самалы» газетінің 2006 жылғы 10 тамызда шыққан «Бөгенбай батыр және Абылай хан» атты мақаламыздан қараңыз).

Ақкөл-Жайылма ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда да қазақ елінің қасиет тұтқан жерлерінің бірі болып қала берді. Оның айғағы осы кезеңге жататын этномәдени ескерткіштердің көптеп шоғырлануы. Мұнда Көлебе батыр зираты, Түйте әулие ескерткіші, Исабек ишан зираты (жалпы қожалардың қорымы), Әулиетал, Жеміс-ата моласы, Сағынайдың асында атакты Құлагерді сынаған Күрәнбай бейіті, т.б. ескерткіштері орналасқан. Бұл адамдардың біреулері діни-ағартушылық ісімен, әулиелігімен ерекшеленсе, басқалары батыр-қайсарлығымен, ақыл-парасаттылығымен танылған біртуар тұлғалар еді.

Осы өңірдің тамаша мәдени-тарихи жәдігерлердің бірі - Түйте әулие ескерткіші. Әулиекөлдін шығыс жағалауында орналасқан бұл ескерткіш екі салмақты қоңыр түсті тастан тұрады. Тастар, қазіргі таңда жалпағынан жерде жатыр, оны жергілікті тұрғындар шарбақпен қоршап қойған. Ақсақалдардың мәліметтері бойынша осыдан көп уақыт бұрын емес бұл тастар тігінен жерден шығып (өсіп) тұратын. Адамдар арнайы бұл жерге келіп, дұға оқып ақтық байлайды. Түйте әулие ескерткіші Н.Коншиннің жоғарыда келтірілген еңбегінде аталады: (В Аккульской волости могильные курганы, в числе трех, расположенных в линию с востока на запад, находятся в пределах седьмого старшинства на ур. Сары-оба. На верхушках курганов есть небольшие углубления в виде котла. В пределах того старшинства около оз. Аулие-куль (святое озеро) есть небольшой курганчик, под которым погребен, по рассказам киргиз, святой (аулиз) Түйте.